

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ кандидаттары мен қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ЕСКЕРТПЕ

Лауазымға үміткер болып табылатын тұлғалар, олардың міндеттеріне ұйымдық-басқарушылық¹ немесе әкімшілік-шаруашылық² функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттікпен орындау кіретіндер;

Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешімдер қабылдауға міндетті тұлғалар;

Дербес құрылымдық бөлімшелердің басшылары **МІНДЕТТІ**:

- Лауазымға тағайындау актісі шыққанға дейін Қоғамға өзіне және жұбайына (зайыбына) қатысты активтері мен міндеттемелері туралы декларация ұсынуға;
- Қоғамда жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы және (немесе) жекжаттары туралы³ жазбаша түрде хабарлауға.

Қоғамда ұйымдық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттікпен орындайтын тұлғалар;

Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешім қабылдауға уәкілетті тұлғаларға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ (СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР)**:

- Өзінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынышты лауазымдарды иеленетін лауазымдарды иеленуге немесе мұндай тұлғаларды тікелей бағыныштылықта ұстауға;
- Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасында жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттарымен қатар қызмет атқаруға;
- Мүдделер қақтығысы жағдайында қызметтік міндеттерін орындауға;
- Қызметтік немесе басқа да таратылуға жатпайтын ақпаратты мүліктік немесе мүліктік емес пайда алу мақсатында пайдалануға;
- Егер бұл әрекеттер олардың лауазымдық өкілеттігіне кіретін болса немесе лауазымдық жағдайына байланысты ықпал ете алса, сыйақы, сыйлық немесе қызмет түріндегі материалдық пайда қабылдауға;
- Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңына сәйкес ойын мекемелерінде немесе арнайы арналмаған орындарда немесе интернет арқылы өткізілетін құмар ойындар мен бәс тігуге қатысуға;
- Егер бұл олардың лауазымдық міндеттеріне кірмесе, шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға қатысуға немесе өзінің қызметтік өкілеттіктерін заңсыз пайдалана отырып жеке немесе заңды тұлғалардың мүдделерін қамтамасыз етуге;

¹ ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағынысты адамдарға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық

² әкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық

³ ³ жақын туыстар деп ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп – жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі

- Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, ашық немесе аралық пайлық инвестициялық қорлардың үлестерін, ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығындағы облигациялар мен жай акциялардың 5%-дан аспайтын көлемін сатып алуды/сатуды қоспағанда;
- Басқа ақылы қызметпен айналысуға, педагогикалық, ғылыми, шығармашылық қызмет пен әскери резервтегі қызметтен басқа.

Қоғамда ұйымдық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлғалар;

Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешім қабылдауға уәкілетті тұлғалар **ҚҰҚЫЛЫ**:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның еншілес, тәуелді ұйымдарының және аффилиирленген заңды тұлғаларының басқару, бақылау немесе атқарушы органдарында ақылы лауазымдар атқаруға.

Қоғамда ұйымдық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлғалар;

Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешім қабылдауға уәкілетті тұлғалар **МІНДЕТТІ**:

- Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны шешу бойынша шаралар қабылдауға;
- Мүдделер қақтығысы туындағаны немесе туындау ықтималдығы туралы белгілі болған сәттен бастап өздерінің тікелей басшыларына немесе Қоғам басшылығына жазбаша түрде хабарлауға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына қажетті мәліметтерді ұсынуға.

Тікелей басшы немесе лауазымды тұлғалар⁴ мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау ықтималдығы туралы ақпарат алған жағдайда, сондай-ақ өзге дереккөздерден алынған ақпарат негізінде, оны болдырмау және шешу үшін уақтылы шаралар қабылдауға **МІНДЕТТІ**.

Қоғам кез келген нысандағы парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты қатаң түрде жоққа шығарады және адал бәсекелестік қағидаттарын ұстанады.

Қоғамның **БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МІНДЕТТІ**:

- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары немесе этика нормаларын бұзу фактілері туралы Қоғам басшылығына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне немесе Омбудсменге дереу хабарлауға.
- Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыруға қатысуға.
- Іскерлік этика нормаларын сақтауға.
- Алдын ала тексеру немесе қызметтік тергеу жүргізетін тұлғаларға қажетті материалдарды уақытында ұсыну немесе үй-жайлар мен объектілерге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы жәрдем көрсетуге.

Қоғам қызметкерлердің бұзушылықтар туралы хабарламаларына байланысты репрессивті шараларды қабылдауды қатаң түрде болдырмайды.

Сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабарлаған тұлға мемлекет қорғауында болады және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

Алайда, көрінеу жалған ақпарат берген тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа тартылады.

⁴ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері